

**"Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қорын сақтаудың, дамыту мен пайдаланудың 2001-2005 жылдарға арналған" республикалық мақсатты бағдарламасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 тамыздағы N 1167 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 288 қаулысымен.

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қорын сақтау, дамыту және тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қорын сақтаудың, дамыту мен пайдаланудың 2001-2005 жылдарға арналған" республикалық мақсатты бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) және оны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі - Бағдарламаның ғылыми бөлігін мемлекеттік тапсырыс нысаны бойынша қаржыландыруды, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ауылдық тауар өндірушілерге сатылатын элиталық тұқымды, асыл тұқымды жануарларды, олардың эмбриондарын және ұрығын арзандатуды республикалық бюджетте отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді субсидиялауға көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар гендік қорды сақтау, элиталық тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға жәрдем көрсетсін.

4. Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 мамырдағы N 434 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген, Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың тізбесі мынадай мазмұндағы 13-тармақпен толықтырылсын:

"13. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің 2001-2005 жылдарға арналған гендік қорын сақтау, дамыту мен пайдалану".

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

**"Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен  
микроорганизмдердің гендік қорын сақтаудың, дамыту мен  
пайдаланудың 2001-2005 жылдарға арналған" бағдарламасының  
ПАСПОРТЫ**

Бағдарламаның атауы	Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлары мен микроорганизмдерінің гендік қорын 2001-2005 жылдарға арналған сақтау, дамыту мен пайдалану
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің 2000 жылғы 8 ақпанда болған республикалық кеңесіндегі т а п с ы р м а с ы . 2000 жылғы 8 ақпандағы N 17-13-/И-205 хаттамасының 4-тармағы Қазақстан Республикасы Үкіметі мәжілісінің 2000 жылғы 28 наурыздағы N 8 хаттамалық шешімінің 2-тармағы
Бағдарламаның негізгі әзірлеушілері	Білім және ғылым министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы
Іске асыру мерзімі	2001-2005 жылдар
Бағдарламаның мақсаты	Селекцияда, тұқым шаруашылығында, асыл тұқымды мал ісінде және биопрепараттар өндірісінде ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қорын сақтауды, дамыту мен тиімді пайдалануды қамтамасыз ету
Бағдарламаның міндеттері	Өсімдіктердің, жануарлар мен микроорганизмдердің бағалы гендік қорының ғылымнан ауыл тауар өндірушілеріне қарай жылжытудың тиімді жүйесін құру
Негізгі іс-шараларды атқарушылар	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі шараларда айқындалған
Қаржыландыру	Республикалық бюджет қаражаты Бағдарламаны көлемі мен көздері

қаржыландыру көзі болып табылады.  
2001-2005 жылдарға арналған  
бағдарламаны ғылыми қамтамасыз етудің  
қаржыландыру көлемі - 1850 млн.  
теңгені, ал отандық ауыл тауар  
өндірушілеріне сатылған гендік қордың  
өнімін субсидиялау 5585 млн. теңгені  
құрайды. Олардың жыл сайынғы  
көлемдері тиісті жылға арналған  
республикалық бюджет туралы Қазақстан  
Республикасының Заңына сәйкес  
нақтыланатын болады.

Күтілетін түпкі  
нәтижелері

Бағдарламаны іске асыру гендік қордың  
да, сол сияқты бөлінетін бюджеттік  
қаражаттың да қалыптасуын, сақталуын,  
дамуы мен тиімді пайдаланылуын  
қамтамасыз етеді, сондай-ақ  
республиканың ауыл тауар өндірушілері  
үшін қажетті бәсекелестік қабілетті  
өнімдерді өндіру мен сатуды, басқару  
мен бақылауды, ұйымдастыру  
құрылымдарын ғылыми қамтамасыз етуді  
қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 1 тамыздағы  
N 1167 қаулысымен  
бекітілген

**"Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен  
микроорганизмдердің гендік қорын сақтаудың, дамыту мен  
пайдаланудың 2001-2005 жылдарға арналған" республикалық мақсатты  
бағдарламасы**

**Астана-2000 ж.**

### **1. Кіріспе**

Агроөнеркәсіп кешені өндірісінің тиімділігін және оның өнімдерінің  
бәсекелестік қабілетін арттыру ағымдағы кезеңнің басты міндеттерінің бірі  
болып табылады. Бұл ретте табиғи ресурстар - топырақты, суды, ауыл  
шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік

қорын ұтымды пайдалануға жетекші орын беріледі. Алайда, жинақталған гендік әлеуетті тиімді пайдалануға деген кешенді көзқарастың болмауынан оны сақтаудың және жоғалтудың нақты қаупі туындады.

Осы республикалық мақсатты бағдарлама ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қорын сақтаудың, дамыту мен пайдаланудың проблемаларын шешу үшін және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың АӨК қызметкерлерінің 2000 жылғы 8 ақпандағы республикалық кеңесіндегі тапсырмасына сәйкес әзірленді.

## **2. Өсімдіктердің, жануарлар мен микроорганизмдердің қолда бар гендік қорының қазіргі жай-күйін талдау**

Ауыл экономикасын реформалау процесінде тұқым шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал шаруашылықтарының өнімдері баға теңсіздігінен және ауыл тауар өндірушілерінің сатып алу қабілетінің төмендігінен сұранысқа ие бола алмай қалды. Нәтижесінде осы шаруашылықтар экономикасының құлдырауына әкеп соқты және олардың сан миллион қарыздары бар.

Ғылыми бағдарламаларды қаржыландырудың көлемін қысқарту ауыл шаруашылығы бейініндегі ғылыми-зерттеу институттарын қиын жағдайға қалдырды, іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулердің, оның ішінде өсімдіктердің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қоры саласындағы зерттеулердің де көптеген бағыттарын тоқтатуға әкеп соқтырды.

### **2.1. Өсімдіктердің қолда бар гендік қорының жай-күйі және оны пайдалану**

Республикадағы ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің гендік қоры 30 мыңнан астам үлгіні құрайды, оның ішінде: дәнді дақылдар - 18,4, жемдік - 3,2, көкөніс және картоп - 3,5, жеміс-жидек - 4,5 және басқа дақылдар - 1,0 мың. Қазіргі уақытта олар бейімделмеген үй-жайларда сақталуда, оларды есепке алу, жаңалау және сақтау жөніндегі жұмыстар жеткіліксіз жүргізілуде. Осы себепті бидайдың Ақбидай, Балбидай, Қызылбидай, Сарымағыз, Қазақстан 126, Қызыл жұлдыз; арпаның - Прекоциус - 143; жүгерінің - Кремнилі жергілікті, алманың - апорт Алматы, алмұрттың - Орман аруы, сарымсақтың - Іле, пияздың - Піскем, еркек шөптің - Ақсеңгір жергілікті, Ақтөбе, жоңышқаның - Жетісу жергілікті, сыңғақмасақтың - Бозой сорттарына құрып кетудің нақты қаупі төніп тұр.

Қолда бар гендік қорларды пайдалана отырып, республикада селекциялау жұмыстары 50 дақыл бойынша 38 ғылыми ұйымда жүргізілуде. Алайда егіліп жүрген ауыл шаруашылығы дақылдарының 1000-нан астам сорты мен будандарының тек 221-і немесе 20 пайызы ғана қазақстандық селекция.

Республикада - бастапқы және элиталық тұқым шаруашылығы ғана сақталған

. Тәжірибе-эксперименттік және элиталық тұқым шаруашылықтарының материалдық базасы әлсіз күйінде қалып отыр, ал бұл көп жағдайда ғылыми жұмыстардың нәтижесіне кері әсерін тигізеді. Сатылған элиталық тұқым үшін жәрдемақының жеткіліксіз бөлінуі, олардың қаржылық жағдайының нашарлауына әкеліп соқтырды. Нәтижесінде олардың өндірген өнімінің өзіндік құны жоғары және ауыл тауар өндірушілері үшін қол жетімсіз болып қала береді. Бұл жаппай көбейетін тұқым шаруашылықтары жүйесінің құлдырауына әкеп соқтырды. Қорытындысында дәнді дақылдар егісінің 25% астамы бабына келтірілмеген, 20% сортқа жатпайтын, 50% астамы-төртінші және белгісіз репродукциялармен және 50% жуығы аудандастырылмаған сорттармен егілген еді.

### 1-кесте

#### Дәнді дақылдардың сорттарын пайдаланудың 1999 жылғы көрсеткіштері

	Облыстар		Аудандастырылған сорттардың саны		Өндірісте пайдаланылатын сорттар		Оның ішінде: аудандастырылған		Аудандас-тырылғанда. Аудандас-тырылғанының ішінде пайдаланылмайтын.	
	!	!	!	!	!	!	!	!	!	!
1 Ақмола	32	34	20	14	12					
2 Ақтөбе	9	12	6	6	3					
3 Алматы	19	18	6	12	13					
4 Шығыс Қазақстан		19		29		9	20	10		
5 Жамбыл	7	7	1	6	6					
6 Батыс Қазақстан		9		12		3	9	6		
7 Қарағанды	16	6	3	3	13					
8 Қызылорда	11	6	1	5	10					
9 Қостанай	23	33	11	22	12					
10 Павлодар	16	14	8	6	8					
11 Солтүстік Қазақстан		16		34		13	21	3		
12 Оңтүстік Қазақстан		9		6		4	2	5		

#### 2.2. Ауыл шаруашылығы жануарларының қолда бар гендік қорының жай-күйі және оны пайдалану

Ғасырлар бойғы халықтық сұрыптаудың базасында және соңғы 50 жылда ғалымдардың күш-жігерімен қалыптасқан Қазақстан жануарларының гендік қоры республиканың түрлі табиғи-климаттық аймақтары мен өңірлеріне жерсіндірілген ауыл шаруашылығының мол өнімді жануарларының алуан түрлері, тұқымдары, типтері мен аталық іздерінен тұрады. Қазір қой мен ешкінің - 17, ірі қараның - 11, жылқының - 13, түйенің - 2, шошқаның - 6 және балықтардың, маралдардың, аралардың көптеген тұқымдары мен құстардың к р о с с т а р ы б а р .

Асыл тұқымды мал зауыттарының, асыл тұқымды мал репродукторлары мен асыл тұқымды мал фермаларының қалыптасқан желісі жаңа нарықтық қатынастарға бейімделе алмады. Олардың басым көпшілігі ғылыммен байланысын үзіп алды. Олар субсидиялар мен жәрдемақыларды жеткіліксіз алды, жануарлардың асыл тұқымдық сапасын сақтай алмады және нәтижесінде тауарлық шаруашылықтарға айналды.

## 2-кесте

### Асыл тұқымды мал шаруашылықтары мен асыл тұқымды малдың 1990-2000 жылдардағы санының динамикасы

Жану. арлар!	1990 жыл		1995 жыл		2000 жыл				
дың түрле. м р і	Асыл	Жалпы	Асыл	Жалпы	Асыл	Жалпы			
м а л	тұқымды	тұқымды	тұқымды	тұқымды	тұқымды	тұқымды			
рының	саны,	дағы	саны,	дағы	саны,	дағы			
саны,	салма.	салма.	салма.	салма.	салма.	салма.			
дана	ғы, %	ғы, %	дана	ғы, %	дана	ғы, %			
Ірі қар мал	326	1463,4	15	304	379,4	5	120	137,4	3,5
Қой	191	6346,9	18	185	3015,8	12	73	392,4	4
Шошқа	64	806,2	25	57	109,1	5	7	36,9	3,9
Жылқы	77	146,3	9	77	33	2	20	10,4	1,1
Түйе	13	7,4	5	15	10,2	7	7	5,2	5,4
Құс	21	12697,7	21	21	6249,3	19	12	1111,0	6,4
Марал	-	-	-	-	-	3	7,4	-	-

Осы себептер бойынша қаракөл, қазақтың асыл тұқымды биязы жүнді, арқар-меринос қойларының, гемпшир типті қойдың қазақы құйрықты қоймен будандарының, етті ірі қараның санта-гертуда тұқымының, жылқының дон және ганновер тұқымының бас саны күрт қысқарды. Галовей етті ірі қарасының, қойдың алтай тұқымының, оңтүстік-қазақстан меринос қойы және шошқаның ірі ақ және ақсай қара ала тұқымдарының құнды түрлері жоғалып барады. Ірі қараның қалмақ, герефорд тұқымдары, қойдың-цигай, дегерес, құйрықты қойдың жергілікті тұқымының тұқымдастары, кроссбредті қойдың солтүстік типі, сирек реңді (көк, янтарь, алтын, күміс, жылтыр, гулигаз, ақ) қаракөл қойлары; жылқының - кеңестік және орыстың ауыр жүк тартатын тұқымы мен көшім жылқысы жойылудың сәл-ақ алдында тұр.

### **2.3. Микроорганизмдердің қолда бар гендік қорының жай-күйі және оны пайдалану**

Республика каталогында микроорганизмдердің 730 түрі мен клеткалардың желісі; 73-актиномицеттер, 202-бактериялар, 74-ашытқылар, 147-мицелийлі, 125 және 8-фитопатогенді және зоопатогенді саңырауқұлақтар, 3-хламидийлер, клеткалар түрінің 18 желісі, 86-вирустар есепте тұр.

Қазақ мал дәрігерлігі ҒЗИ штаммалар мұражайында 300-ден астам мәдени түрі сақталынып отыр.

Қазақ тамақ өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институтында сүт қышқылды бактериялардың 40 мәдени түрі, ашытқының 30 мәдени түрі және мицелийлі саңырауқұлақтардың 22 штаммасы бар.

Биотехнология жөніндегі ұлттық орталықтың (БҰО) кәсіпорындарында биологиялық белсенді заттардың өнеркәсіптік микроорганизмдер-продуценттерінің коллекциясы құрылды.

Фармацевтикалық биотехнология институтының коллекциясында микроорганизмдердің 119 мәдени түрі, оның ішінде интерферонның, В2 витаминінің және т.б. өнеркәсіптік, маңызды геннинженерлік продуценттері бар. Фармацевтикалық биотехнология институты Микробиология институтымен бірлесе отырып микроорганизмдердің өнеркәсіптік мәдени түрлерінің каталогын дайындады, онда 169 өнеркәсіптік штамма-продуценттер мен түрлі тест-мәдени түрлері жөнінде мәліметтер бар. БҰО-тың Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының мұражайында микроорганизмдер мен вирустардың 190 штаммасы, өндірістік және бақылау штаммаларының клеткалары мәдени түрлерінің 21 желісі, түрлі саңырауқұлақтардың 120 оқшаулаушы, бидайдың 16000 сорттық үлгісі сақталуда.

Алайда микроорганизмдердің қолда бар штаммаларының жоғалу

тенденциясы күшейіп барады. Олардың көбісі Қазақстанда жасалғанымен, Ресей Федерациясының ғылыми ұйымдарында ғана сақталған.

### **3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты - селекцияда, тұқым шаруашылығында, тұқым асылдандыру ісінде және ауыл шаруашылығы өнімінің ішкі және сыртқы рыногында бәсекелестік қабілетті өндіріске арналған биопрепараттарды шығаруда ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлардың, құстардың, балықтардың, аралар және микроорганизмдердің гендік қорын сақтауды, дамыту мен тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

Бағдарлама мақсатына жету үшін мыналарды көздейді:

- Бағдарламаны ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуды, ғылыми мекемелер жүйесінің ұйымдық құрылымын жетілдіру есебінен ғылыммен қамтамасыз ету жөнінде шаралар кешенін жүргізу;

- шығарылған және алынған бағалы гендік қорды ғылымнан ауыл тауар өндірушілеріне жеткізудің және оны жоғары сапалы және бәсекелестік қабілетті өнім өндіру үшін тиімді пайдаланудың айқын жүйесін жасау;

- бағалы гендік қорды сақтау, дамыту және пайдалануға мемлекеттік бақылауды күшейту жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

- бағалы гендік қорды сақтау, дамыту мен пайдалану және оның тиімділігін арттыруға мемлекеттік қолдауды күшейту жөнінде шаралар қабылдау;

- бағалы гендік қорды сақтау, дамыту және пайдалану саласында заң базасын жетілдіру.

### **4. Жұмыстардың негізгі бағыттары және бағдарламаны іске асырудың тетіктері**

#### **4.1. Бағдарламаны атқарушылар**

Бағдарламаны ғылыммен қамтамасыз етуге - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы, ал гендік қорды шаруашылықтық пайдалануға және тұқым мен асыл тұқымды шаруашылығы өнімдері мал өнімдерінің сапасын бақылауды жүзеге асыруға - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жауапты болып табылады.

#### **1-сурет. Бағдарламаның құрылымдық компоненттері**

**Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қорын сақтау, дамыту және пайдалану**

*Функционалдық блок*

Гендік қорды қалыптастыру және сақтау	Гендік қорды дамыту
---	------------------------



## *Гендік қорды пайдалану*

Бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз ету блогы		
Ғылыммен	Ұйымдастырушылық	Құқықтық
қамтамасыз ету	қамтамасыз ету	қамтамасыз ету
Кадрлық және ақпараттық		Қаржылық
қамтамасыз ету	қамтамасыз ету	

### *Бағдарламаның субъектілері (қатысушылары)*

Мемлекеттік басқару органдары (Министрліктер, ведомстволар, жергілікті басқару органдары), ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары, сондай-ақ тәжірибелік элиталық тұқым және асыл тұқымды мал шаруашылықтары, асыл тұқымды мал шаруашылықтарында және элиталық тұқым шаруашылығы саласында қызмет көрсететін және лицензияның негізінде жұмыс істейтін заңды және жеке тұлғалар

### *Бағдарламаны қолданылатын объектілері*

Ауыл шаруашылығы өндірісінің салалары, тамақ өнеркәсібі, мал дәрігерлігі дәрі-дәрмектер, тағамдық қоспалар өндіретін салалар

## **4.2. Бағдарламаны ғылыммен қамтамасыз ету**

Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша бюджеттік бағдарламалар шеңберінде мыналар көзделінеді:

гендік қорды қалыптастыру және сақтау бойынша:

- елімізде гендік қордың қолда барының бәрін түгендеу және генетикалық құндылығына баға беру шаруашылықтық - бағалы белгілері бар ген көздерін - донорларды табу және бөліп шығару;

- гендік қорды құжаттау және мемлекеттік тіркеу жүргізу;

- гендік қор жөніндегі деректердің ақпараттық банкін жасау;

- ғылыми мекемелердің немесе базалық шаруашылықтардың жанынан ғылыми-зерттеу жұмысында пайдаланатын ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымына және жануарлардың, құстардың, балықтардың ұрықтары мен эмбриондарына арналған орталық және аймақтық сақтау орындарын ашу;

- микроорганизмдер мәдени түрлерінің мұражайы мен эталондық және активтік штаммаларды бақылайтын лаборатория ұйымдастыру;

гендік қорды қолдау және дамыту бойынша:

- бұрыннан бар ген көздері мен шаруашылықтық бағалы белгілері бар донорларды үнемі қолдау және оларды жаңаларымен толықтыру;

- өсімдіктердің жаңа түрлерін кешенді зерттеу және жерсіндіруді жүзеге асыру жануарлардың тұқымдарын, типтерін, аталық желілерін, құстың кросстарын жетілдіру, микроорганизмдердің жаңа штаммаларын алу;

- өсімдіктердің тұқымдарын, жануарлардың ұрықтары мен эмбриондарын,

микроорганизмдердің штаммаларын сақтаудың технологиялық режимдерін жетілдіру ;

- өсімдіктердің, жануарлардың гендік қорын және микроорганизмдер штаммаларын отандық және әлемдік көздерден үнемі толықтыру;

- деректердің ақпараттық банкінің гендік қоры туралы жаңа деректермен толықтыру және оларды ұдайы тұтынушыларға жеткізіп отыру;

- агроөнеркәсіп және биотехнологиялық кешендері үшін микроорганизмдердің жаңа штаммаларын жасау және өндіру;

- ауыл шаруашылығы дақылдарының мол өнімді, ортаның стресстік факторларына төзімді жаңа сорттары мен будандарын шығару;

- жануарлардың жаңа тұқымдарын, типтері мен желілерін, тауықтар мен үйректердің кросстарын шығару.

Бағдарламаның негізгі міндеттері мен көрсеткіштері және оларды орындау кезеңдері 1-қосымшада келтірілген.

Ғылыми мекемелердің ұйымдастыру құрылымын жетілдіру, ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибе-эксперименттік шаруашылықтардың қызметін үйлестіруді жақсарту бойынша:

- мыналарда :

А.И. Бараев атындағы қазақ астық шаруашылығы ҒЗИ;

В.Р. Вильямс атындағы қазақ егіншілік ҒЗИ;

Қазақ жемшөп өндіру және жайылым ҒЗИ;

Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ҒЗИ;

Қазақ жеміс-жидек және жүзім ҒЗИ;

Қазақ орман шаруашылығы және агроорманмелиорация ҒЗИ;

Қазақ қаракөл (қуаңшылық өсімдіктері бойынша) ҒЗИ;

БҰО ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында;

- өсімдік шаруашылығы мен сақтау бойынша - 8 селекциялық-генетикалық орталықтарын (СГО) құру.

- мыналарда :

Қазақ мал шаруашылығы ҒЗТИ;

Қазақ қой шаруашылығы ҒЗТИ;

Солтүстік мал шаруашылығы және мал дәрігерлігі ҒЗИ;

Қазақ қаракөл шаруашылығы ҒЗИ;

Атырау ауыл шаруашылығы ҒЗИ;

Оңтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ҒЗИ;

ат спорты жөніндегі "Қазақ тұлпары" РМҚК;

өнімді жылқы шаруашылығы бойынша "Мұғалжар" АҚ;

Қазақ құс шаруашылығы ҒЗИ;

Қазақ балық шаруашылығы ҒЗИ-ында мал шаруашылығы, құс шаруашылығы,

балық шаруашылығы және сақтау бойынша 10 селекциялық-генетикалық  
орталықтарының құруы;

- Қазақ өсімдік қорғау ҒЗИ-да, Қазақ мал дәрігерлігі ҒИ-да, Қазақ тамақ өнеркәсібі ҒЗИ-да, Фармацевтикалық биотехнология институты мен БҰО-ның ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында микроорганизмдерді сақтайтын мұражайлар құру және оларды толықтыру.

Республиканың ғылыми мекемелерінің, орталық және жергілікті атқарушы органдарының гендік қорды сақтау, дамыту және пайдаланудағы іс-қимылын үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясының жанынан Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қоры жөніндегі ұлттық кеңес құрылатын болады.

Гендік қор жөніндегі ұлттық кеңестің құрамына бағдарламаның ғылыммен қамтамасыз ету жөніндегі әкімшісі ретінде Білім және ғылым министрлігінің, бағдарламаның іс жүзінде гендік қорын пайдалану жөніндегі әкімшісі ретінде Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің, Ұлттық ғылым академиясының, Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының, Биотехнология жөніндегі ұлттық орталықтың өкілдері, өсімдіктердің, сонымен қатар жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қоры жөніндегі үйлестіру кеңестерінің басшылары енеді.

Гендік қор жөніндегі ұлттық кеңестің төрағасы болып бағдарлама басшысы және тең төрағасы болып Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі тағайындалады (2-сурет).

Бағдарламаның жауапты атқарушысы - Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлардың гендік қоры (3-сурет) жөніндегі үйлестіру және аймақтық кеңестерін құрады және олар туралы Ережелерді бекітеді.

кадрлық және ақпараттық қамтамасыз ету бойынша:

- ғылыми-зерттеу институттарының, жоғары оқу орындарының, ауыл шаруашылығы және селекциялық тәжірибе станциялары мен тәжірибе-эксперименттік кәсіпорындардың селекциялық-генетикалық және тұқым асылдандыру орталықтарының, асыл тұқымды мал шаруашылықтарының, ғалымдардың және инженерлік-техникалық қызметкерлердің, ғылыми мекемелер мен ұйымдар мамандарының, тағы басқа арнайы рұқсаты бар заңды және жеке тұлғалардың қатысуын қамтамасыз ету;

- гендік қор бойынша жоғары білікті мамандар даярлау мақсатында жоғары оқу орындарының оқу процесіне және тиісті оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға өзгерістер енгізу;

- гендік қор бойынша жоғары білікті ғылыми кадрларды ТМД және алыс шет елдердің ғылыми орталықтарында, аспирантура, докторантура тағлымдамадан өткізу арқылы даярлауды қамтамасыз ету;

- ғалымдар мен мамандардың көрмелер мен конференцияларға, оның ішінде шет елдіктерін ұйымдастыру мен оларға қатысуын қамтамасыз ету;


- әлемнің түрлі елдерімен ақпарат, гермоплазма және микроорганизмдердің мәдени түрлерін алмасу;


## 2-сурет. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру схемасы

Қ а з а қ с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің жанындағы  
Ж о ғ а р ы  
Ғ ы л ы м и - т е х н и к а л ы қ  
к о м и с с и я





**Ғылыми қызметкерлердің, жергілікті басқару органдарының, тұқымның және асыл тұқымды малдың сапасын, оларды өндіру мен сатуды бақылау жөніндегі ұйымдардың өкілдері қатысатын ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлардың, құстар мен балықтардың гендік қоры жөніндегі аймақтық ғылыми-техникалық кеңестер**

Бағдарламаның қоса орындаушылары - ҚР БҒМ ғылыми ұйымдары, ҚР ҰҒА, ҰААЗО, БҰО, жоғары оқу орындары, тәжірибе-эксперименттік шаруашылықтар

Лицензияның негізінде жұмыс істейтін элиталық тұқым өндіру және сату жөніндегі тұқым шаруашылықтары	Лицензияның негізінде жұмыс істейтін асыл тұқымды мал өсіру және сату жөніндегі агроқұралымдар
---	--

Фермерлік (шаруа) шаруашылықтар, акционерлік қоғамдар, өндірістік кооперативтер, жеке қожалықтар және тағы басқа агроқұралымдар

- аймақтық семинарларды ұдайы өткізу фермерлерді агроқұралымдардың басшылары мен мамандарын оқыту жөніндегі курстар ұйымдастыру;

### **4.3. Бағалы гендік қорды ғылымнан ауыл тауар өндірушілеріне қарай жылжытудың жүйесін құру және мемлекеттік бақылауды күшейту**

Аталған міндеттерді шешу үшін:

- "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыруға арналған нормативтік-құқықтық актілер, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне гендік қорды сақтау және пайдалану бойынша заңдарды бұзған үшін жауапкершілікті көздейтін өзгерістер мен толықтырулар әзірленеді;

- "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" және "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес тұқымдық өнімді өндірумен және сатумен (тұқымдық жануарлар, ұрық және эмбриондар), ауыл шаруашылығы жан-жануарларының және гендік инженерия өнімінің тұқымдық құндылығын үдете өндіру және бағалау бойынша қызмет көрсетумен айналысатын субъектілердің қызметін лицензиялау үшін жаңа біліктілік талаптары әзірленеді;

- элиталық тұқым шаруашылығы саласындағы қызметке лицензиялар беруге арналған біліктілік талаптары әзірленеді (тиісті құқықтық базаны қабылдаған соң ) ;

- Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының қолда бар гендік қорды пайдалану жөніндегі бірлескен кешенді жоспары әзірленеді ;

- Тұқымды сақтайтын және дистрибьютерлік желісі бар сүттік мал шаруашылығы бойынша екі асыл тұқым орталығы құрылады;

- бәсекелестік ортада жаппай көбейтетін тұқым өсіру шаруашылықтарының жүйесін қайта өркендету үшін жағдайлар жасау жөнінде шаралар қабылданады;

- малды қолдан ұрықтандыру тұқымдық жануарларды тауар өндірушілер мен халыққа одан әрі сату үшін көбейту жөнінде қызмет көрсетуге маманданған құрылымдарды дамытуға жағдайлар жасалады;

- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жүйесінің тұқым ісі және тұқым шаруашылығы жөніндегі инспекторларының мәртебесі мен өкілеттілігі белгіленген тәртіппен айқындалады және бекітіледі.

### **5. Қажетті ресурстар және бағдарламаны қаржыландыру көздері**

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлары мен микроорганизмдердің гендік қорын сақтауға, дамыту мен пайдалануға бағытталған іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулер бағдарламалары конкурстық негізде қалыптастырылатын болады.

2001-2005 жылдарға арналған бағдарламаны ғылыммен қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен 1850,0 млн. теңге талап етіледі. Бағдарламаның осы бөлігін жыл сайын қаржыландыруды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі республикалық бюджетте ғылымды қаржыландыруға көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырады.

### 3-кесте

#### Бағдарламаны ғылыми қамтамасыз етуді қаржыландырудың көлемі

(млн.теңге)

Бағ.!	Жұмыстардың	!	Бар.!	Оның ішінде жылдар бойынша				
дар.!	бағыттары	!	лығы	!-----				
лама!		!	2001-!	2001!	2002!	2003!	2004!	2005!
	!	!				2005!		
	!	!				жылдар!		

3 0	0 1 .	Өсімдіктердің					
гендік қоры							
01.01. Сақтау	273	32	61	60	60	60	
01.02. Дамыту	297	34	66	66	66	65	
01.03. Пайдалану	466	64	101	101	100	100	
Жиынтығы	1036	130	228	227	226	225	
	3 0			0 2 .	Жануарлардың		

гендік қоры							
02.01. Сақтау	206	23	46	46	46	45	
02.02. Дамыту	224	25	49	50	50	50	
02.03. Пайдалану	351	48	76	76	75	76	
Жиынтығы	781	96	171	172	171	171	
3 0	0 3 .	Микроорганизмдердің					

гендік қоры							
03.01. Сақтау	9	1.0	2.0	2.0	2.0	2.0	
03.02. Дамыту	9	1.0	2.0	2.0	2.0	2.0	
03.03. Пайдалану	15	2.0	3.0	3.0	3.0	4.0	
Жиынтығы	33	4.0	7.0	7.0	7.0	8.0	

Барлығы	1850	230	406	406	404	404
---------	------	-----	-----	-----	-----	-----

Селекциялық-генетикалық орталықтарының, элиталық-тұқым шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал шаруашылықтарының (бірегей және элиталық тұқымдар, асыл тұқымды малдың, асыл тұқымды төл, ұрығы, асыл тұқымды жұмыртқа, эмбриондар) өнімдерін сататын, осындай қызметке арнайы рұқсаты бар, отандық ауыл тауар өндірушілерге сататын өнімдері қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен арзандатылады. 2001-2005 жылдарға арналған субсидиялаудың қажеттілігі 5585 млн. теңгені құрайды.

#### 4-кесте

### Бағдарламаны іске асыру кезінде ауыл шаруашылығы өнімін отандық өндірушілерге жәрдемақы берудің көлемі

Бағ.!	Бағдарламаның	!	Барлы.!	Оның ішінде жылдар бойынша
дар.!	субсидияланатын	!	ғы	!-----
лама!	міндеттері	!	2001-	! 2001 ! 2002 ! 2003 ! 2004 ! 2005
!	!	!	!	! 2 0 0 5 !
!	!	!	!	! ж ы л . !
!	!	!	!	! д а р ғ а , !
!	!	!	!	! м л н . !
!	!	!	!	! т е ң г е !

1 !	2	!	3 !	4 !	5 !	6 !	7 !	8
-----	---	---	-----	-----	-----	-----	-----	---

39	Ауыл шаруашылығы дақыл.	3873	728	728	728	844	845
	дарының элиталық тұқым.						
	дарын өндіруді субсидия.						
	лау (отандық ауыл шаруа.						
	шылығы тауар өндірушіле.						
	рінің сатып алатын тұқым.						
	дарының өзіндік құнын						

40% арзандату)

39	Коллекциялық табын құру	228	96	66	66	-	-
	үшін сатып алынатын мал.						
	дың және арнаулы жабдық.						
	тың құнын өтеу;						
	СГЦ және СПС тұқымдық	1484	240	240	334	335	335
	малдарын өсіруді субсидия.						



лау (отандық ауыл шаруа.  
шылығы тауар өндірушіле.  
ріне сатылған тұқымдық  
өнімнің құнын ішінара  
арзандату)

-----  
Барлығы 5585 1064 1034 1128 1179 1180

Элиталық тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымды мал шаруашылығын ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мен субсидиялаудың жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған "Республикалық бюджет туралы" Заңға сәйкес нақтыланатын болады.

#### **6. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер**

Бағдарламаны іске асыру:

- бағалы гендік қорды ғылымнан ауыл тауар өндірушілеріне қарай жылжытудың жүйесін ретке келтіруге;
- қызметі бағалы гендік қорды пайдалануға байланысты барлық заңды және жеке тұлғаларды аттестациядан өткізуге және олардың қызметін лицензия беру арқылы регламенттеуге;
- мемлекеттік қолдау жүйесін құруға және бағалы гендік қорды сақтау, дамыту және пайдалануға мемлекеттік бақылауды күшейтуге;
- бағалы гендік қорды сақтау, дамыту және пайдалану саласындағы қызметтің заңдық базасын жетілдіруге;
- өсімдік шаруашылығы бойынша - 8, мал шаруашылығы бойынша - 8, құс шаруашылығы бойынша - 1, балық шаруашылығы бойынша - 1 селекциялық-генетикалық орталық және мал шаруашылығы бойынша дистрибьюторлық жүйесі бар 2 селекциялық тұқым асылдандыру орталығын ұйымдастыруға;
- өсімдіктердің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қорына арналған орталық және аймақтық сақтау орындарын құруға;
- қолда бар гендік қорды түгендеуді, тіркеуді, құжаттауды аяқтау, шаруашылықтық бағалы көрсеткіштері бар донорларды бөліп алуға;
- ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қоры туралы деректердің ақпараттық банкін құруға;
- жеміс-жидектердің сорттары мен будандарының, ағаштардың қуаңшылық және дәрілік дақылдардың аса бағалы түрлері мен сорттарының жиынтығын табиғи жағдайда сақтап қалуға;
- дәнді-дақылдардың, дәнді-бұршақты және техникалық дақылдардың 67, көкөніс-бақша дақылдары мен картоптың - 18, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің - 41, жемдік дақылдардың - 21 сорты мен буданын шығаруға және

мемлекеттік сорт сынағына жіберуге;

- селекциялық-генетикалық орталықтарда ірі қараның, қой мен ешкінің, жылқының, түйенің, балықтың бірегей және жойылып бара жатқан және құс кросстарының коллекциялық тобын қалыптастыруға және сақтауға;

- сүтті сауын сиырының: қара ала, қызыл, қуқыл сары ала және қоңыр аймақтық типтерін; етті ірі қараның, қойдың ұзын жұмсақ жүнді және сауын ешкілерінің мол өнімді тұқымдары мен типтерін шығаруға;

- шошқа, жылқы, түйе, маралдардың, құстардың, балықтар мен аралардың тұқымдарын жетілдіруге;

- жыл сайын элиталық тұқым мен асыл тұқымды мал өнімдерін республикалық ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің сұранымын қамтамасыз ететіндей көлемде өндіруге және сатуға мүмкіндік береді.

### 5-кесте

Асыл тұқымды жануарлардың, құстар мен балықтардың элиталық тұқымдарын өндірудің жыл сайынғы көлемі

Өнім түрлері	! Өлшем	! Республика	! Оның ішінде	
	! бірлігі	! бойынша	! ҰААЗО	
	!	! барлығы	! бойынша	
Ауыл шаруашылығы дақылдарының элиталық тұқымдары	мың тонна	50,0	40,0	
Сауын малы	мың бас	10,0	1,8	
Етті мал	мың бас	6,8	4,8	
Қой мен ешкі	мың бас	87,0	46,2	
Түйе	мың бас	0,5	0,03	
Тұқым асылдандыру мақсатына арналған жұмыртқа дана		млн.	2,5	1,3
Қазақстан тұқысының шабақтары		млн. дана	-	2,0

\* \* \*

Бағдарламада белгіленген кешенді шаралар гендік қорды, сол сияқты бөлінетін бюджеттік қаражатты да қалыптастыруды, сақтауды, дамыту мен тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, сондай-ақ ішкі және сыртқы рыноктарда бәсекелестік қабілетті ғылыми және ауыл шаруашылығы өнімін ғылыми қамтамасыз ету, басқару мен бақылау жүйесінің ұйымдастыру құрылымдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің

гендік қорын сақтаудың, дамыту мен пайдаланудың 2001-2005 жылдарға арналған" республикалық мақсатты бағдарламасына

1-қосымша

**"Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік қорын сақтаудың, дамыту мен пайдаланудың 2001-2005 жылдарға арналған" республикалық мақсатты бағдарламасының негізгі ғылыми міндеттері мен көрсеткіштері және олардың орындалу кезеңдері**

Ішкі бағдарлама, міндеттер		Бағдарлама кезеңдерінің орындалу нәтижелері (нақты көрсеткіштер)		
		2001-2003 жылдар	2004-2005 жылдар	
1	!	2	!	3

С ы р т қ ы  
с т р е с с і к  
р ы н а  
ө н і м д і  
м е н  
ү ш і н  
ғ ы  
г е н е т и к а л ы қ  
с т а р ы н  
с а қ т а у ,  
п а й д а л а н у ,  
т ұ қ ы м ы  
ұ й ы м д а с т ы р у .

о р т а н ы ң  
ф а к т о р л а .  
т ө з і м д і ,  
ж а ң а  
б у д а н д а р  
а у ы л  
ө с і м д і к т е р і н і ң  
р е с у р .  
ж а с а у ,  
д а м ы т у  
о л а р д ы ң  
ш а р у а ш ы л ы ғ ы н .

м о л  
с о р т т а р  
ш ы ғ а р у  
ш а р у а ш ы л ы .

01.01. Ауыл шаруашы. Ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен олардың жабайы  
ө с і м . туыстастарының қолда бар  
лығы өсімдіктерінің тері мен олардың жабайы діктерінің қолда бар  
гендік ресурстарын туыстастарының қолда бар гендік қорын түгендеу,  
калыптастыру және гендік қорын түгелдеу, тіркеу және оларды құ.  
сақтау, құжаттау, оларды құжаттау жұмыста. жаттау, шаруашылықтық  
